

«№2 орта мектеп» КММ

б «А» сынып оқушысы Ыдысыс Аян.

Аян дарынды, ізденімпаз оқушы және барлық мектептік іс-шараларға белсене қатысады

### **Туған жерім – Қазақстан**

Отан оттан да ыстық демекші, менің де сүйікті Отаным бар. Ол – Қазақстан Республикасы. Мен қазақтың және қазақтығыммен мақтанамын. Ата-бабаларымыздың, ел басына күн туғанда тағдырын шүберекке түйген батырларымыздың алып берген жері Алтайдан Атырауға, Арқадан Алатауға дейін созылып жатыр.

Осындай қасиетті мекенде, керемет дархан далада, егіні теңіздей толқыған елде өмір сүру – халқымыздың басына бұйырған бақ. Мен елімді, жерімді, туымды қастерлеймін. Қаншама ел жерсіз, тусыз жүр. Бабаларымыздың арқасында келген егеменді Қазақстанның Қызылордасы күрішке, Қарағандысы көмірге, Теміртауы түрлі түсті металға, Атырауы мұнайға, Қостанайы егінге бай. Қаншама жер асты байлықтары, көлдері, таулары бар.

Мемлекеттік рәміздеріміз, ұлттық теңгеміз, Ата заңымыз және Сарыарқаның кең-байтақ даласында бүкіл елді өзінің бірнеше жылдар ішінде жылдам көркеюімен таңқалдырып жаңа астанамыз дүниеге келді. Астана – әсем қала. Астана – бас қала. Астана – қазақ елі болашағының қаласы. Мәдениеттің ошағы, ғылым мен білімнің, еліміздің егемендігін көрсеткен көк тудың ордасы болып табылатын жас қала. Ол жерде биіктігі 97 метрді құрайтын көркем «Бәйтерек» орналасқан.

Біз қазақ неткен мықты елміз, бұлай деуімнің себебі: Ертеде Наурызбай, Қабанбай, Бөгенбай, Махамбет, Исатай, Абылайлар қазақ елін сақтап қалды. Ал Мұстафа Шоқай мен Әлихан, Қайрат, Ләззат сынды аға-әпкелеріміз елге тәуелсіздік әкелді. Ендігі көркейген елде өмір сүріп жүрген олимпиада жүлдегерлері Қазақстанымызды бүкіл әлемге танытып жүр.

Туған жер... Туған ел... Осы екі ғана сөзде қаншама мағына, қаншама ой жатыр десеңізші?! Туған жердің қадірін әр адам әрқалай түсінетін шығар. Ал мен үшін Туған жер қадірі дүниедегі ең ұлы деген нәрсемен пара-пар. Себебі, ол – менің әлпештеген анам, аялап өсірген әкем, туған-туысым, аға-әпкелерім, мені білім жолына жетелеген ұстаздарым, сол білімге ұмтылу жолындағы тай-құлындай тебіскен жора-жолдастарым дүниеге келген жер. Туып-өскен жерім туралы толғанып, ой жетегіне берілген шағымда үнемі Авар елінің нағыз патриот ақыны Расул Ғамзатовтың мына бір шумақтары ойыма оралады да тұрады:

Қымбат маған елімнің бар даласы,  
Балтық пенен Сахалиннің арасы.  
Қайда болсам қиям оған жанымды,  
Туған жерден қазсын бірақ қабірді.

Туған елге, Туған жерге, Туған тілге деген ыстық сезімнің үздік үлгісі мен үшін осындай болмақ. Отан туралы ой толғасаң, жан толғанысын айтып тауыса алмассың, сірә.

Туған жер – адам өмірінде киелі орын алады. Нақты осы жер оны елімен, өткенмен және болашақпен байланыстырады. Міне, сондықтан да тіпті балалық шақтан бастап-ақ адамда отанға деген махаббат сезімі оянады. Әрбіріміз үшін Отан ошақ басынан басталады: туған жер, туған көше, туған қала немесе мен үшін туған кент.

Сонымен бірге мен елімнің бір бөлшегімін, оның бүгінгі мен болашағымын.

Біздің Қазақстан – көп ұлтты мемлекет. Бейбітшілік пен достастықта, татулықта бірге жұмыла отырып, қызметтің әр түрлі саласында қазақтар мен орыстар, татарлар мен немістер, украиндер мен кәрістер...еңбектенуде. Мен соңғы жүз жылда Қазақстан жеріне әр түрлі халықтар қоныс тепкеніне жиі ойланамын.

Бірлік, ұлтаралық келісім және саяси тұрақтылық – қазақстандықтардың қалауы. Мен оны білемін. Онда татарлар да, орыстар да, қазақтар да бар. Олардың тағдырын, өмір тарихын тыңдағанда менің елім одан сайын маған жақындай түседі, оны жақсырақ түсіне бастаймын. Адамзат баласының татулығына ұмтылу әр халықтың қанында бар, әсіресе ол қазақстандықтарда ерекше дамыған. Бұл қазақ жерінің жомарттығынан, осы өлкелерге тағдыр алып келген барлығына құшағын кең жайып, пейілін кеңге салатын қазақ халқының мінезінен жаралған. Осында тұрушылардың барлығы қазақ халқының тілін, тарихы мен салт-дәстүрін білуі керек. Қазақстанда тұратын барлық халықтың татулығы мен бірлігінің мәні осында. Ол байырғы көркем Қазақстан жерінде бейбітшілікті сақтауға көмектеседі. Ал татулық – болашақта гүлденудің маңызды талабы.